



Жас

Алтай

Р е с п у б л и к а А л т а й с к о г о Р а й о н а

«Құқықтық мәртебесін күшейту керек»

Солтүстік облыстарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясы оңтүстік өңірмен салыстырғанда тар екені бәрімізге белгілі. Дербес мемлекет ретінде өмір сүріп жатқан он үш жылдың ішінде оң өзгерістер болмады емес, болды. Мәселен, солтүстіктің төріндегі Қызылжарда кеңестік кезеңде жалғыз қазақ мектеп-интернаты болса, осы күні қазақ тілді білім ошақтарының саны алтыға жетті. Осы уақыт ішінде Павлодар облысында қандай оң өзгерістер болды? Шешімін күтіп тұрған қандай мәселе бар? Осы және басқа да сауалдарға Павлодар облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Мұрат МҰСАЙБЕКҰЛЫ жауап береді.



— Жақында Астанада халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төртінші құрылтайы өтпекші екен. Павлодар облысының өкілдері осы жиында қандай мәселе көтермекші?

— Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 15 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде біраз шаруаның басы қайырылды. Елімізде 1997 жылы қабылданған «Тіл туралы» заңнан басқа тілдің қолдану аясын кеңейтуге арналған бірқатар бағдарламалар қабылданды. Солардың ішіндегі сүбелісі — 2001-

2010 жылдарға арналған бағдарлама. Осы бағдарлама аясында біраз шаруа тындыруға негіз бар. Бір қараған адамға мемлекеттік тілді дамытуға арналған ресми құжат жетіп артылатын сияқты. Мәселе олардың санында емес, сапасында болып отыр. Соңғы 5-6 жыл көлеміндегі тәжірибелер мемлекеттік тілге қатысты заңды күшейтуді талап етеді. Десек те, күні бүгінге дейін қолданыстағы «Тіл туралы» Заң және түрлі бағдарламалар қаншалықты жүзеге асуда? Осы жағын ойластырып көрдік пе? Іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу талабы қаншалықты орындалуда? Осыны саралап, зерттеп көрген адам бар ма? Мемлекеттік ұйымдарда қазақ тілін қолдану, дамыту сын көтермейді. Осыдан 3-4 жыл бұрын министрліктер мен түрлі ведомстволар қазақ тілін оқытып-үйрететін арнайы курстар ашқан болатын. Бастапқыда тәуір қарқын алғанымен, кейін бұл жоба да қожырады. Мемлекеттік ұйымдарда тілдің дамымай отырғаны жасырын емес. Іс-қағаздарды қазақша жүргізуді мекеме басшылары аудару деп түсінеді. Кез келген мекемеге барсаң, аударма бөлімін ашып қойған, аударма бөлімін ұстап тұруға жағдайы жоқтар тілмаш әлумен шектеледі. Ол тілмаштардың аудармасы да ала-құла, шала сауатты. Тілді бүйтіп қорлауға болмайды. Қазақша іс-қағаздарын сауатты жүргізе алмаса, несіне әуреленеді. Өздеріңіз білесіңдер, біздің облыста мемлекеттік тілді дамытуға негізделген біршама бағдарлама жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында «Алтын тіл», «Ана тілі» сияқты жобалар бар. Астанада өтетін басқосуда біз көтергелі отырған негізгі мәселе «Қазақ тілі» қоғамына қатысты. «Қазақ тілі» қоғамы — қоғамдық ұйым. Қоғамдық ұйым болса да, тілге жанашыр бірден-бір ұйым. Сондықтан ұйымның мәртебесін, құқығын көтеру керек. Құқықтық мәртебе бізге мемлекеттік органдармен араласып, қоян-

қолтық жұмыс істеу үшін қажет. Былайша айтқанда, ұйыммен сана-сып шаруа істейтіндей, оларға біз ықпал ететіндей деңгейге жету жағын ойластыратын мезгіл жетті.

— Кезінде баспасөзде «қазақ елінде, қазақ жерінде тұрып, «Қазақ тілі» қоғамын құрғанымыз қалай!» деген пікір де болған. Шынында да осы қоғам — керек қоғам ба?

— Әрине, керек қоғам. Біздің елді Өзбекстан сияқты елмен, Балтық бойы мемлекеттерімен салыстыруға келмейді. Олар қазіргі деңгейге радикалды жолмен жеткендер. Кеңес кезінде біз кімді қабылдамадық? Ол кездің саясаты қалай жүзеге асқанын бәріміз білеміз. Сондықтан, бізге даңғаз аяқайдан нақты іске көшкен абзал. «Қазақ тілі» қоғамын «жұмыс істемейді» деп кінәлаушылар көп. Қолымызда құқықтық мәртебеміз жоқ болған соң, өзгелерге сөзімізді қалай өткіземіз? Қазақ тілінің мәселесін өзімізден басқа ешкім шешпейді. Алдымен өзімізді, жоғарыда отырған қандастарымыздың тілін қазақша сындыртып алайық. Содан кейін өзге ұлт өкіліне талап қойайық. Қазақстаннан кететіндер кетіп болған, көшетіндері көшіп кеткен. Қалғандары — осы елмен, осы жермен тағдырласпыз деп қалып отырғандар. Мысалы, біз Үкіметтен көк тиын да алып жатқан жоқпыз. Бізді ешкім қаржыландырмайды. Еліміздің түкпір-түкпіріндегі қоғамдарда білікті мамандар отыр. Солардың қабілет-қарымын пайдалану қажет. Біздің қоғамды терминология, ономастика шаруаларына араластырсын. Одан біз бас тартпаймыз. Мәселен, жергілікті жерде осы салаға байланысты қаншама мәселе бар. Облыстық әкімшілік жанынан құрылған Тілдерді дамыту департаментімен бірлесіп отырып, біраз шаруа тындыруға болады. Егер біздің абырой-беделіміз ақсап жатса, оны құқықтық мәртебеміздің жоқтығынан деп түсіну керек.

— Сонда қалай күн көріп отырсыздар?

— Біз «Қазақ тілі» қоғамы жанынан тілмаштар даярлайтын ақылы курс ашып қойдық. Күні бүгінге дейін 7 топ дайындап шығардық. Кейде демеушілік көрсететін мекемелер болып қалады. Өткен жылы облыстық кеден департаменті қаржылай қолұшын берген-ді. Тапқан азын-аулақ қаржы есебінен айына бір рет «Тілтаным» деген журнал шығарып отырмыз, «Ертіс дидары» деген газетіміз де бар.

— Солтүстік өңірдегі тіл проблемасын шешудің бір жолы — оралмандарды тарту. Павлодар облысына олардың қоныстануы қандай деңгейде?

— Тоқсаныншы жылдардың басында Моңғол жерінен көп қанда-сымыз келді. Ол кезде қазіргідей емес, тіл мәселесінің сіресіп тұрған кезі еді ғой. Көбі тіл білмегендіктен қалаларға шоғырлана алмады, амалсыздан ауылдарға кетіп қалды. Жергілікті жерге бейімделе алмағандары қайтуға мәжбүр болды. Қазір квота арқылы келген оралмандарды үй-жаймен, жұмыспен қамтамасыз етуге күш салып жатырмыз. Кейде сырттан келген ағайындар қоныстанған ауылдарда, қалаларда қазақша мектеп болмай, балаларының қиналып қалатын кезі болады. Қазір Павлодар қаласында 5 қазақ мектебі бар. Осы 5 қазақ мектебінің өзі де қазақша білім алғысы келетіндердің бәрін қабылдай алмай отыр. Өйткені, күн өткен сайын қазақша білім алғысы келетіндер көбейе түсуде. Жергілікті басшылық осы мәселені ескере жүрер деген үміттеміз. Әңгімеміздің соңында басқа айтқым келетін бір мәселе — бізге тіл проблемасын ешкім шешіп бере қоймайды. Бастама, ынта өзімізден шығуы қажет. Парламенттің жаңа құрамына енген халық қалаулылары осы жағын естен шығармаса екен.

Сұхбаттасқан
Гүлзат ТАБЫН.